«Порядок и право» №44 (520) 06.11.2014ж.

«Нұр Отан» партиясының өкілдерімен кездесті

Осы жақында Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясының профессорлық-оқытушылар құрамы мен тыңдаушылары «Нұр Отан» партиясының өкілдерімен кездесті.

Нақтырақ айтқанда академияда Орталық аппаратының ұйымдастырушылық - бақылау жұмысы департаменті директорының орынбасары, «Нұр Отан» партиясы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің хатшысы, заң ғылымының кандидаты, доцент Серік Жақыпбекұлы Ғалиевпен және «Нұр Отан» Қостанай облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әлия Сүйіндікқызы Сапаровамен кездесу өткізілді.

ҚР ІІМ Қостанай академиясының бастығы заң ғылымдарының кандидаты, профессор полиция полковнигі Мирлан Ахмедияұлы Қызылов Академияның профессорлық-оқытушылар құрамы мен тыңдаушылар алдында сөз сөйлеп, құрметті қонақтарды таныстырды.

Серік Жақыпбекұлы, 2000-2001 жылдар аралығында ҚР ІІМ Қостанай заң институтының бастығы болып қызмет атқарған, өзінің қызметтік міндетін инспектор лауазымынан бастаған болатын. Профессорлық – оқытушылар құрамына және тыңдаушыларға, ол өзінің өмірі жайлы, қызмет атқару кезіндегі қиын да қызықты оқиғаларды, біздің Академияда әртүрлі лауазымдарда қызмет атқарғандығы туралы сыр шертті.

Сондай-ақ, Серік Жақыпбекұлы: «Нұр Отанның» XV съезінде партия Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев «Саяси көшбасшылықтың принципті мәселесі ретінде сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресудің стратегиясын әзірлеуді» тапсырғандығын, осы тапсырманы жүзеге асыру және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған жаңа

бағдарламасын жасау мақсатында «Нұр Отан» партиясы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қоғамдық кеңес Мәжілістегі «Нұр Отан» партиясы фракциясының депутаты Нұрлан Әбдіровтің басшылығымен жұмыс тобы құрылғандығы туралы және жұмыс тобының құрамына танымал заңгерлер, сарапшылар, қоғам қайраткерлері мен құқық қорғау органдарының өкілдері кіргендігін айтты.

Серік Жақыпбекұлы: «Білім нәрін алып жатқан тыңдаушыларға, «полиция лейтенанты» арнайы атағымен «бакалавр» академиялық дәрежесін иелену, оқу ордасынан алған білімдеріңді практикада шебер қолдану, ішкі істер органының болашақ офицері атану, бұл Сіздер үшін алғашқы қадам!», деген тілегін білдірді.

Полиция полковнигі Мирлан Қызылов құрметті қонақтарға, ағымдағы жылдың 21 қазанында Бахрейн Патшалығында INTERPA АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ 7- ші отырыстың жұмысына Түркия, Бразилия, Малайзия, Судан, БАЭ, Сауд Аравиясы, Беларусия, Тәжікстан, Қазақстан және Бахрейн полициялық оқу орындарының өкілдері қатысқандығын, ал біздің елді ҚР ІІМ Қарағанды және Қостанай академиясы танытқандығын айтты.

Біздің Академияның мұражайы тарихи кезеңдерге ерекше бай, айта кетсек, 1997 жылғы 16 шілде айында еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың келуі біз үшін, ұмытылмас бай қазыналы - тарих.

Елбасы құрметті қонақтар кітабына «Мен жастарға сенім артамын» - дейтін тарихи қолтаңба қалдырған.

ЕврАзЭС шеңберінде қылмыстық жазаларды атқару облысында ынтымақтастық туралы келісім шарт ережесіне сәйкес Тәжікстан Республикасы Әділет министрлігі мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі арасында әділет мекемелерінің және органдар қызметкерлерінің білімі мен біліктілігін арттыру саласындағы ынтымақтастықты нығайту және өзара қарым-қатынас туралы келісімшартқа қол қойылған.

2009 жылдың қыркүйек айынан бастап Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясының келісімшарт жасау негізінде Тәжікстан Республикасының азаматтары білім алып жатыр. Бүгін Академияда Тәжікстан Республикасының 25 тыңдаушысы оқуда.

Осы игі істер, келешек жастарымыз, болашақ офицерлеріміз бен оқу ордамыз үшін атқарылып жатыр. Академия қабырғасында білім нәрін алып, генерал, ғалым, танымал мемлекет қайраткері, спорт шеберлері атанған тыңдаушыларымыз баршылық.

Полиция полковнигі Мирлан Қызылов Серік Жақыпбекұлына, Әлия Сүйіндікқызына алғысын білдіре отырып, зор денсаулық, жаңа жеңістер, еліміздің гүлдену жолындағы абыройлы істеріне толымды табыс тіледі.

Кездесу соңында, Академия бастығы құрметті қонақтарымызға оқу ордасының тарихи мұражайына және оның аумағына экскурсия жасады.

ҚР ІІМ Қостанай академиясының
баспасөз қызметінің
баспасөз хатшысы
О.Уақпаева